

Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 1617 "Атырау қалалық әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 19 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабын басшылыққа алып, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабына және "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығына сәйкес, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 1617 "Атырау қалалық әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3324 болып тіркелген, облыстық "Атырау" газетінде 2015 жылы 7 қарашада жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қала әкімі

Н. Ожаев